



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2012 жылғы 13 тамыздағы
№ 30 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І

*Бағалы қағаздарды
ұстаушылардың тізілімдері
жүйелерін құрайтын мәліметтер
мен құжаттарды тіркеушілерден
Бірыңғай тіркеушіге қабылдау-
өткізудің тәртібі және кестесі
туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган берген лицензиялары бар ұйымдармен эмитенттер жасасқан, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге арналған шарттардың қолданылуы тоқтатылатынын хабарлайды. «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ (бұдан әрі – Бірыңғай тіркеуші) 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде бірыңғай тіркеушіге эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттардың берілуін жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды қабылдау-өткізу процесінде Бірыңғай тіркеушінің, тіркеушілердің және эмитенттердің іс-әрекетін реттейтін рәсімдер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие ұйымдардың бірыңғай тіркеушіге эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 53 қаулысында айқындалған, Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі ресми Интернет-ресурсының (www.nationalbank.kz) «Нормативтік құқықтық база» деген бөлімде орналастырылған.

Аталған нормативтік құқықтық актіге сәйкес эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды тіркеушілердің Бірыңғай тіркеушіге беруі Бірыңғай тіркеуші бекіткен және уәкілетті органмен келісілген Мәліметтер мен құжаттарды қабылдау-өткізу кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағалы қағаздар эмитенті Кестеде көзделген мерзімдер басталғанға дейін кез келген уақытта Бірыңғай тіркеушінің қызмет көрсетуіне өтуге құқылы.

Кесте туралы және Бірыңғай тіркеушімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізуге шартты жасасудың тәртібі туралы ақпаратты www.tisr.kz мекенжайы бойынша Бірыңғай тіркеушінің корпоративтік сайтынан алуға болады.